

**«Шаңырақ»  
орта, қосымша білім беру, техникалық және кәсіби білім беру мекемелеріне  
арналған облыстық кешенді жобаны ұйымдастыру үшін берілетін  
әдістемелік ұсынымдар**

**Киіз үйді өз қолымызбен жасаймыз — қадам-қадаммен берілген нұсқау**



Дәстүрлі киіз үйдің артықшылығына мыналар жатады:

- Барлық құрылымның жиналуы мен бұзылуы қарапайым — тиісті ептілік пен көмекшінің арқасында үдіріс екі-үш сағат уақытты алады;
- Беріктігі. Киіз үй дөңгелек болғандықтан қатты жел, тіпті дауылға төтеп береді, жаңбырдан қорғайды;
- Кәдімгі күркелерден айырмашылығы киіз үйдің ішіне пеш орнатып, қабырғаларының қалыңдатып, тығыздаса қыста да пайдалануға болады. Жазда киіздің шетін жоғары көтеріп, үйдің ауасын тазартып, самал желмен салқындатуға Киіз үй көзге ерекше көрінеді, қонақтарды бей-жай қалдырмайды, ішін кілем, басқа да қызықты заттармен, ал жоғары жағын – кестелі жаймамен әсемдеуге болады;
- Тасымалданатын киіз үйдің салмағы шамамен 150–200 кг, көп болса — 300, тасымалдауға өте ыңғайлы;
- Киіз үйге қажетті барлық материалдар дәстүрлі түрде табиғи таза, әйткенмен оларды қазіргі кезде заманауи соған бара бар заттармен ауыстыруға болады, бірақ бәрібір лайықты экологиялық таза нұсқасын табуға болады.



Сонымен, әуелі өз киіз үйіңізді құрастыру үшін сізге ағаш төрткілдеш қажет. Әдетте оны өзен жағасында өсетін қара шоқ тал, көк тал немесе қайыңнан жасайды. Қазір дайын төрткілдешті сатып алуға болады. Төрткілдештер иілімге мықты болуы тиіс, себебі киіз үй дөңгелек болады ғой. Оны тексеру оңай — ұзын төрткілдешті жан-жаққа ырғап қозғалтыңыз, егер нашар болса — сынып кетеді.

**!!!** Егер киіз үйдің элементтерін дәстүрлі емес материалдан жасайтын болсаңыз -темір пластинаны алуға болады.

Төрткілдештер көлемі шамамен: жуандығы 8 ден 15 мм дейін, ені 25 - 40 мм, ұзындығы үш метрдей, 2,5 м алуға болады, ол қабырғаларыңыздың биіктігіне байланысты болмақ. Ағаш планкамен жұмыс жасау үшін қол ара немесе лобзик, ұзындықтың біркелкі болуы үшін, сол сияқты тесік жасауға бұрғы және отвёртка немесе шуруповёрт қажет.

Негізінен төрткілдештер өзара диагональ бойынша ромб түрінде тесіктер болу үшін қисық тормен бекітілетін, иленбеген мал терісінен жасалған қайыспен түйінделеді. Төрткілдештердің түйісетін жеріне сол мақсатпен тесіктер жасалады. Қазір қайыс түйіннің орнына қажетті өлшемдегі жиһазда қолданатын тұтастырғышты қолдануға болады, алайда тесік жасау бәрібір қажет. Мысалы 12 мм жуандықтағы төрткілдешке 10 мм. тұтастырғыш қажет болады.



Егер киіз үш шынымен тасымалданаын, жиналатын болса, онда төрткілдештен жасалған тор гармошка болып жиналуы өте маңызды! Сондықтан төрткілдештерді бекіту үшін саморезды қолдануға болмайды.

Альтернатива ретінде металл каркасты жинауға болады ,алайда ол ауыр болады. Қажетті лайық металл төрткілдешті табу да қиынырақ, металмен жұмыс істеу қосымша құрал-сайманды қажет етеді, мысалға , болгарка мен [метал тескішті](#).

Ұялардың өлшемін әдетте былай білген— ересек адамның бір немесе екі жұдырығы сиятын болу керек. Тордағы ромбылар қаншама ұсақ болса, құрылым сонша берік болмақ , алайда жұмсалатын материал көбірек болмақ. Өлшемін өздерің таңдайсындар, мысалы, планкалардың арасы 10–15–20 см, бастысы, ұяшықтардың бәрі бірдей болуы, ал бекіткіштер бір төрткілдеште кем дегенде бесеу болуы шарт.

Әдетте бір секцияда 44 тор немесе 48 планка төрткілдеш, әр бағытта 22 немесе 24 , олар бірінің үстіне бірі қойылады . Стандартты киіз үй осындай 5 немесе 6 тордан құралады, олар шеңбер бойынша орналасады және жыджытылады.



Қабырға –торлар дайын болғанда, төбемен айналысуға уақыт келді деген сөз. Мұнда киіз үйдің биіктігіне қарай шатыр тіреуіштің ұзындығын дұрыс таңдау және жарық -түтін шығатын шеңберді жасау маңызды. Егер киіз үй алты метрлік болса сізге кем дегенде , ұзындығы 3 метр 36 тіреуіш қажет және қимасы 90 - 40 мм. Сегізметрлік киіз үйге ұзындығы төрт метрлік және қимасы 120 және 45 мм кем дегенде 48.

*Өте маңызды! Тіреуіштердің санын есептеу онше қиын емес: қабырға -торда қанша қиылыс болса — сонше жоғары планка болады.*

Тіреуіштердің арасы 60 см кем болмауы тиіс, жиі болса төбесі берік болады.

Тіреуіштердің саны жүзден асатын киіз үйлер болады.

Жарық пен түтін шығатын шеңберге келсек оны әдетте қайыңның қисық діңгегінен жасайды. Ол тез иіледі, әсіресе оны алдын ала суға салып жібітсе, оекі жарты шеңберді қосып та жасауға болады.

Қазір оны жуандығы 20мм болатын фанерадан да жасайды, сізге электрлобзик қажет болады, қол струбцины, маятникі бар дискілі ара, фанера және ағаш желімі қажет.

*Өте маңызды!Дәстүрлі киіз үйде жоғарыда терезе-шеңбердің доға планкасы болатын, ол түндікді жабуға ыңғайлы болады. Алайда оны жасамауға да болады.*



Шеңберге тіреуіштерді кіргізу үшін тесіктер жасалады. Керегенің торларына уықтар арқанмен бекітіледі. Жеке секциялар да өзара арқан байланып бекітіледі. Керегенің Барлық диаметрі бойынша арқан тартқан дұрыс, сонда құрылым берігірек болады. Есікті тақтайлардан жасайды, әдетте көлемі 200 және 80 см. екі жанынан тесіктер ойылады, босағаны керегемен қосып бекіту үшін. Оны да арқанмен байлайды. Есіктің өзі кәдімгі есік болуы да мүмкін, егер қысқа арналған киіз үй болса, үйдің ескі есігін көрпе немесе киізбен қаптауға болады. Егер киіз үй жаз мезгіліне арналған болса, есікті алаша немесе әдемі пердемен жабуға болады.



Енді киіз үйдің жабуына көшейік . Дәстүрлі түрде қойдың жүнінен жасалған киізбен жабылады. Қазір холлофайбер сияқты заманауи материалды қолдануға болады. Жазғы киіз үйді кәдімгі жаңбырдан қорғайтын тент, тарпаулинмен немесе басқа материалмен жабады. Қабырғаларын жылы ғып жабуға және циновкамен әсемдеуге болады. Қабырғаның торлары ішкі жақтан көрініп тұрады, оны сәндеп, қызылға бояса тіпті әдемі көрінеді .



Киіз үйдің жабуы кем дегенде екеу болады— сыртқы және ішкі, оны сәндеу өзіңіздің фантазияңыз бен қолдағы бар материалыңызға байланысты болмақ .  
Еденге келсек, ол сіздің киіз үйді пайдалану мезгіліне таңдалады. Егер жаз мезгілі болса, жай жеңіл, әсем, жайлы төсеніш болса жарап жатыр. Немесе жасыл шөптің үсті болса, үстел мен отыратын ұзын орындықтар қоюға болады.  
Қысқы мезгілге кілем де жеткіліксіз болады, ағаш еден қажет. Кейбіреулер жеңіл фундамент жасап жүр, алайда ол жиналатын киіз үй болмайды.

